

110 *жыл*

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

(1910-1982)

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ,
ХАЛЫҚ КАҺАРМАНЫ
ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫ, ЖАЗУШЫ

ЕР АҒАСЫ, ЕЛ ДАНАСЫ

«Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін»
Бауыржан Момышұлы.

Аты аңызға айналған, қазақтың біртуар батыры Бауыржан Момышұлы 2020 жылдың 24 желтоқсанында 110 жасқа толды.

Кеңес одағының батыры, әскери қолбасшы, стратег және тактик, ұстаз, қаржыгер, прокурор, жазушы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көл-

бестау ауылында туған. Бауыржан Момышұлы үш қыздан кейін, әкесінің 53 жасында дүниеге келген.

Бала кездегі лақап аты «Шаңтимес» болғанын біреулер білсе, біреулер білмес.

Қысты күнгі аязда да терезені ашып ұйықтап, қолғап кимейтін болған.

Алғашқы еңбек жолын ұстаздықтан бастап, 1928-1930 жылдары бастауыш мектепте сабақ берген. Әр саланың игеріп алып кететін ерекше қабілетінің арқасында, Шымкент өнеркәсіп банкінің экономисі болып та қызмет еткен. Қаржылық сауатты Б. Момышұлы әскери саланы да тастамай қатар алып жүрген.

1930 жылдың желтоқсанынан 1932 жылдың қаңтары аралығында аудан прокурорының көмекшісі, аудан прокуроры қызметін атқарды.



Мемориалдық тақтасы

Қолына түскен қағазға ою ойып, сурет салатын шеберліктен де кенде емес еді. Бір-біріне ұқсамайтын 70-ке жуық оюы сақталған.

Соғысқа дейінгі жылдары әскерде өнерімен талайды тәнті еткен. Ат үстінде қылышпен ойын көрсетуде асқан ептілік танытып, Буденыйдың көзіне түскен.

Кеңес Қызыл Әскерінің қатарына командир ретінде шақырылған алғашқы қазақтардың бірі.

Екінші дүниежүзілік соғыста генерал-майор Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап болды.

Бауыржан Момышұлы Москва үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысқан.

Қанқұйлы соғыс уақытында дивизия басқарған екі-ақ қазақ болған. Бірі – Б. Момышұлы болса, екіншісі – Әбілқайыр Баймолдин.

Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында адуынды да қатал әскери басшы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірман тәрбиешісі де бола білді.

Б. Момышұлы өзінің бір сөзінде соғыста жүргенде көп кітаптар оқығандығын, оның ішінде Абайдың шығармаларын жанынан тастамағандығын айтады. «Солдаттар мен командирлер арасында тиісті бұйрығымды бергеннен кейін жертөлеге қайтып, жазбаларымды жазамын. Аяқталмаған кітабымды оқып бітіремін», - деген сөздер бар естелігінде. Бейбіт өмірде жүрген біздер ондай кітаптарды жазбақ түгілі оқудың өзін міндет қылатынымыз жасырын емес.

Соғыста жүрген батыр 1943 жылы елге келеді. Оның атақ, даңқы, батырлығы А. Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында жақсы баяндалған. Сталин, Жуковтар «Волоколамск тас жолы» кітабын оқыған дейді. Мұхтар Әуезов ол кісіні «қазақ әдебиетінің генералы» деген. «Менің атағым аспандап кетті, атағымның аспандағаны соншалық Әуезовтің құлағына жетіп, оның құлағын елжіретіп жіберді», - дейді біз сөздерінде.

Мұхтар Әуезов 1943 жылы Бауыржан Момышұлын поездан өзі күтіп алады.

Алматыға келген Бауыржанды М. Әуезов, Қ. Сәтпаев, Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқановтар бастаған т.б. ғалымдар соғыс туралы әңгіме дәріс өткізуге шақыртып, кездесу ұйымдастырады. Осы дәрістің стенограммасынан кейін «Соғыс психологиясы» деген кітап жарық көреді.

Кездесуге қазақтың элитасын жинап, 33 жастағы Бауыржан Момышұлы күніне 5 сағаттан 6 күн қатарынан дәріс оқыған. Дәрістің бірінші күні мен қазір сағат 7-де кіремін, 7-ден бір минут кеткенде дәрісім басталады. Бірде-біреуің орындарыңнан тұрмайсыңдар, бірде-біреуің шықпайсыңдар, есік ашылмайды, жабылмайды! Егер де кімде-кім орнынан қозғалып, орнынан тұрып кететін болса, дәріс тоқтайды деген екен. Бұған жиналған ілкі қауым бір-біріне қарап, «мынау кім, бізге келе салып, әңгіме айтатын» депті. Сонда М. Әуезов: «сабыр етіңдер, бұл - қазақтың батыры Бауыржан, қазір соғысқа қайтадан кетеді, ол тірі келе ме, өлі келе ме белгісіз. Қазір тірі кезінде мынандай қазақтың батырының білімін алып қалайық», - деген екен. Сөйтіп элитаны сабырға шақырады.

М. Әуезов 1942 жылы Бауыржан Момышұлына былай деп: «Айналайын Бауыржан, арғы жақта қырғын соғыс болып жатыр, бірақ Бауыржан, окопта отырып, төбесінен бомбы құлап жатқан кезде қазақтың тағдыры, тілі, ділі қалай болады, мына жақтағы соғыстан қалған ата-анамыздың, балаларымыздың жағдайы, қазақтың болашағы қалай болады деп уайымдап жатырсың. Елге келіп бір мезгіл бізге соғыс туралы дәріс оқып кетсең қалай болады» шақырып жазған хаты бар.



М. Әуезов және Б. Момышұлы

Б. Момышұлы 1962 жылы Фидель Кастроның шақыруымен Куба еліне барды. Кейін, 1963 жылы тағы бірнеше мәрте шақыртумен арнайы сапармен барып қайтты. Бір айта кетерлігі, Куба елінің саяси күрескері Фидель Кастро түрмеде жатқан кезінде Б. Момышұлының кітаптарын оқып, көзқарасының нығаюына ықпал еткенін айтқан.



Ф. Кастро

Б. Момышұлы

М. Әуезовтің «мен Бауыржанмен сөйлестім, ол Мәлік Ғабдуллиннен де терең. Мынау оңай жігіт емес. Бауыржанды біз тек қана соғыс қаһарманы, батыр ретінде білеміз. Ол кісінің батырлығынан гөрі, ғалымдығы үлкен» деп тамсана айтқан естелігін бүгінде біреулер біле бермейді.

Бауыржан Момышұлының артында жүз том кітап қалып отыр! Классик М. Әуезов те ондай жүз том кітап жазбаған. Керек десеңіз, әлемнің ұстазына айналған, ең мықты классик Л. Толстойдың 80-ақ том кітабы бар.

1945 жылдың 16 қаңтарында Соғыстан кейін 1950-1955 жылдары «полковник» шенімен кеңес армиясы Әскери Академиясында сабақ береді. Кеңес одағының генералдары дәріс оқыған Б. Момышұлын асқан стратег, психолог, шешен, тапқыр полковник кәсібилігін бірден мойындайды.

Б. Момышұлы соғыста ғана ерлік көрсетіп қоймай, қоғамда да өзіндік орны бар ер азамат болды. Бірде батырға қалалық совет бес бөлмелі пәтердің ордерін ұсынады. Пәтерін көрейін деп жаңа үйге келе бергенде мұңайып тұрған әйелді көреді. Сөзге тартып, «неге мұңайып тұрсыз» дейді қасына тоқтап. Сонда әлгі әйел қалалық совет екі бөлмелі пәтер бермек болғанын, бірақ уәдеден тайып үш бөлме пәтермен біріктіріп, бір полковникке берейін деп жатқандығын айтады. Әйел: «менің де

балам соғыста өлген, бірақ ол солдат еді», - дейді. Сонда батыр өзіне берілген пәтер ордерін жыртып, соғыста баласынан айрылған әйелге пәтерін қайтартып бергізген екен. Батырдың бұл ісін ерлікке бағаламауға бола ма?!

Елге оралған соң Қорғаныс комиссариатына, яғни, қазіргіше, министрлікте басшылық қызметте болу ойы болған. Алайда елдегі науқаншылдық оған жол бермеді. Тіпті, ректор Өмірбек Жолдасбеков Қазақ ұлттық университетінің әскери кафедрасына жұмысқа алмақ болады. Алайда, оған да қарсылық болған деседі.

Кейін бірыңғай шығармашылыққа келді. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өміріндегі көрген білгендерін шығармаларына арқау етті.

Бауыржан Момышұлы бірнеше орден, медальдермен наградталған, Кеңестер Одағының батыры атағын алды. Алайда бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық Қаһарманы» деген атақ берілді.

Бүркіт Нұрмағамбетов,

Академияның Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты кафедрасының меңгерушісі, с.ғ.к, доцент